

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

---

1470.	Асылбекова А.А.	Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана	6308
1471.	Аширбекова А.Б.	Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі	6314
1472.	Амирова Б.К.	Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы	6316
1473.	Бейбітұова І.Б.	Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі	6319
1474.	Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы	6323
1475.	Егежанова Д.Р.	О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство	6326
1476.	Есентемирова А.М.	Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан	6330
1477.	Еркін Ә.	Коррупция и правовые методы борьбы с ней	6340
1478.	Жармаханбетова Б.А.	Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях	6345
1479.	Жолдасбек М.Б.	Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері	6348
1480.	Жеңіс Е.Е.	Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері	6353
1481.	Жанаев Е.А.	Роль морали в правовых решениях и законодательных актах	6357
1482.	Кажтай А.Н.	Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері	6360
1483.	Карсибек С.А.	ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері	6364
1484.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6367
1485.	Кошкенбек Б.Б.	Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі	6371
1486.	Қалыбаева А.Ә.	Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері	6377
1487.	Қалқазбек Н.Е.	Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары	6380
1488.	Маликов Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі	6383

1489.	Маратов А.Б.	Роль юристов защиты прав юридических лиц	6385
1490.	Отыншиева Г.	Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы	6387
1491.	Роман К.Д.	Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи	6390
1492.	Сұңғатов С.С.	Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы	6392
1493.	Салиханов А.Б.	Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления	6396
1494.	Турегелдиев Б.У.	Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы	6402
1495.	Тәуірғалиева А.Б.	Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар	6405
1496.	Табанова Ж.А.	Защита прав женщин: международный аспект	6409
1497.	Тәжі Ә.Т.	Цифровизация прав граждан РК	6413
1498.	Тигай Б.А.	Проблемы налогового правоприменения в РК	6415
1499.	Шоманова К., Ясинова Д.	Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі	6423
1500.	Ібіжан Г.Ә.	Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья	6427
1501.	Yagmussova A.F.	The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation	6431

#### **СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1502.	Алмагамбетов М.	Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы	6436
1503.	Булатова Л.Б.	Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі	6440
1504.	Ибрашев А.М.	Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности	6443
1505.	Искаков Р.А.	Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан	6446
1506.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6452
1507.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен	6456

		өзекті мәселелер	
1508.	Нургалиева М.Е.	Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса	6459
1509.	Рустами-Кадырбекова Ж.	Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения	6464
1510.	Сураганова Д.Д.	Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан	6468
1511.	Третьяк М.В.	Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни	6471
1512.	Третьякова Ж.В.	К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь	6475
1513.	Тыныбек кызы А.	Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости	6478
1514.	Тюлегенова А.А.	Правовые аспекты использования земли	6481

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ**

1515.	Азенова С.Р.	Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары	6485
1516.	Абдықадыр А.Б.	Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект	6488
1517.	Байносерова А.Г.	Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер	6495
1518.	Бахыт І.Б.	Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства	6500
1519.	Жакишева Д.К.	Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары	6504
1520.	Жұмадулла Қ.Ф.	Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір	6508
1521.	Маратова А.М.	Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела	6510
1522.	Шариф М.Қ.	Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі	6514
1523.	Жунусов Д.С.	Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход	6517
1524.	Khamidullina R.	Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And	6520

		Kazakhstan Models	
1525.	Киікбай Б.С.	Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері	6523
1526.	Салимжуаров Г.Ф.	Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз	6528
1527.	Серіктай Н.Ө.	Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы	6531

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

1528.	Адильхан Х.Б.	Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі	6536
1529.	Арзанбекова К.Қ.	Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны	6538
1530.	Ахметжанова А.А.	Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы	6540
1531.	Айзак А.Ж.	Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы	6544
1532.	Әжібекова А.Е.	ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе	6546
1533.	Болатбекова А.А.	Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы	6552
1534.	Бөлебай А.Б.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері	6555
1535.	Дүйсен Қ.А.	Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері	6563
1536.	Карсибек С.А.	Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары	6566
1537.	Кенеспек Д.М.	Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары	6569
1538.	Кийкбай Н.К.	Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері	6572
1539.	Кожанова Д.Р.	Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта	6575
1540.	Көбейсін Ө.Т.	Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар	6578
1541.	Койчубекова А.А.	Уголовная ответственность за	6580

		насильственные действия сексуального характера	
1542.	Қабдылова А.Қ.	Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері	6585
1543.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6590
1544.	Орынбай Ш.А.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі	6593
1545.	Сайлаубек М.Ж.	Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері	6597
1546.	Төрехан А.Ә.	Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері	6600
1547.	Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е.	Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК	6607

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ**

1548.	Алиев Е.	Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан	6611
1549.	Аршабаева Р.С.	Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері	6616
1550.	Данияр Ә.А.	Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов	6620
1551.	Кабдрахманов А.Е.	Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов	6626
1552.	Qodirova T.R.	The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights	6631
1553.	Медетова М.Б.	Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері	6634
1554.	Мыктыбаева Д.А.	Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан	6640
1555.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6645
1556.	Рублевский А.А.	Этическая дилемма статуса эмбриона	6648
1557.	Тулеген А.С.	Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc	6652

**10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ**

1558.	Акынов Д.М.	Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС	6657
1559.	Ануарбек А.	Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы	6661
1560.	Жаксылыков К.К.	Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров	6665
1561.	Каримова Ф.Х.	Защита персональных данных в международном частном праве	6669
1562.	Мирзоева М.М.	К вопросу о сущности деловой репутации	6675
1563.	Раджабов М.Д.	Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве	6679

**10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ**

1564.	Ануарбек А.	Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты	6683
1565.	Burieva M.S.	The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes	6687
1566.	Nasreddinzoda N.	The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects	6691
1567.	Шалгымбаева А.Н.	Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов	6693

**СЕКЦИЯ 11****АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

1568.	Аманжолова Ш.Ф.	Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау	6698
1569.	Батирбекова А.Т.	Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки	6702
1570.	Бекетов Д.Н.	Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане	6707

шоғырландыру қажеттілігі сияқты бірқатар сын-қатерлерге тап болады. Бұл міндеттерді шешу тұрақтылық, ұрпақтардың ынтымақтастығы, әлеуметтік әділеттілік және технологиялық тиімділік қағидаттарына негізделген жүйелі тәсілді талап етеді.

Қазақстанның зейнетақы жүйесінің болашағы мемлекет пен қоғамның дәйекті саясатты бірлесіп іске асыру қабілетіне байланысты: қамту мен сенімді күшейту, ерікті және кәсіби бағдарламаларды дамыту, активтерді басқару мен институционалдық инфрақұрылымды жетілдіру. Тек осы жағдайда ғана зейнетақымен қамсыздандыру қарт азаматтардың лайықты өмірі үшін сенімді тірек және мемлекеттің әлеуметтік тұрақтылығының маңызды элементі болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бақытжанова А.Ж. Реформирование пенсионной системы Казахстана: достижения и вызовы // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2021. – № 2 (98). – С. 53–59.
  2. Бухгалиева А.К. Эволюция пенсионного законодательства Республики Казахстан // Юридическая наука и практика. – 2022. – № 6. – С. 90–95.
  3. OECD Reviews of Pension Systems: Kazakhstan 2023. – OECD Publishing, Paris, 2023. – URL: <https://www.oecd.org> (дата обращения: 28.03.2025).
  4. Официальный сайт Единого накопительного пенсионного фонда. – URL: <https://www.enpf.kz> (дата обращения: 29.03.2025).
- Ералиева Г.М. Совершенствование законодательства о пенсионных накоплениях в Казахстане: проблемы и перспективы // Право и государство. – 2023. – № 4. – С. 60–66.

**УДК 614**

### **МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

**Бейбітова Инкэр Бейбітқызы**

*[beibitova.inkar@gmail.com](mailto:beibitova.inkar@gmail.com)*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті, 2курс,*

*«Құқықтану» мамандығының студенті*

*Ғылыми жетекші - заң ғылымдарының докторы*

*Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович*

Медицина-қоғамның ең маңызды салаларының бірі. Себебі ол адамның қымбат қазыналары-өмірі мен денсаулығын қорғауға тікелей қатысты. Адамдардың денсаулығы медицина саласындағы қызметкерлердің кәсіби біліктілігіне, моральдық, этикалық ұстанымдарына және заң талап ететін нормаларды мүлтіксіз сақтауына тәуелді. Адам денсаулығы мен өмірін қорғау, жауапкершілік алу-медицина саласындағы негізгі құндылықтардың бірі болғандықтан, медицина қызметкерлерінің әрекеттері кәсіби стандарттар мен заңнама талаптарына сәйкес болуы тиіс. Қазіргі заманғы қоғамда медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі маңызды әлеуметтік және құқықтық мәселелердің бірі болып саналады. Медицина қызметкерлерінің кәсіби қызметі күрделі әрі көпқырлы болып табылады. Олар әртүрлі жағдайларда науқастардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу үшін жылдам әрі дұрыс шешім қабылдауға міндетті. Алайда, кейбір жағдайларда олардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі құқықтық жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Бұл жауапкершілік саласына қарай тәртіптік, әкімшілік, азаматтық тіпті кей

жағдайларда қылмыстық сипатта болуы ғажап емес. Медицина қызметкері тарапынан жасалған кез келген қателік немесе немқұрайлылық адамның өмірі мен денсаулығына орны толмас зиян келтіруі әбден мүмкін. Осыған байланысты мемлекет денсаулық сақтау жүйесін реттейтін құқықтық нормаларды белгілеп, медицина қызметкерлеріне нақты міндеттер жүктейді. Атап айтсақ Ата Заңымыз Конституцияның 29-бабында «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар» деп көзделген.[1,1] Мақаланың мақсаты-медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігін анықтау, Қазақстан заңнамасының тиімділігін бағалау және оны халықаралық тәжірибемен салыстыру. Мақалада медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігінің негіздері,оның түрлері мен қоғамдағы рөлі талданады. Сонымен қатар медицина қызметкерлерінің қызметін реттейтін заңнамалар мен осы заңдардың сақталмауының ықтимал салдары қарастырылады. Ғылыми мақаланың теориялық және методологиялық негізі бұл жұмыста Старченко А.А, Кудачова А.В ғалымдардың еңбектері пайдаланылған .Сонымен қатар өзге де статистикалық деректер қамтылған. Зерттеудің әдістемесін талдау, сипаттау, салыстыру және ндукция,дедукция әдістері болып табылады.

Ең алдымен құқықтық жауапкершілік ұғымына тоқталғым келеді.Құқықтық жауапкершілік - бұл қоғамда белгіленген құқықтық нормаларды бұзғаны үшін қолданылатын санкциялар жүйесі.Медицина саласында бұл ұғым ерекше сипатқа ие,себебі дәрігерлердің әрекеттері адамның өмірі мен денсаулығына тікелей әсер етеді. Ал, медициналық қателік-дәрігер, медбике немесе басқа медицина қызметкерлерінің кәсіби міндеттерін орындау барысында жіберген іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде пациенттің денсаулығына зиян келуі немесе өлімге әкелуі. Медицина қызметкерлері өз қызметін орындау барысында көптеген құқықтық,кәсіби және этикалық талаптарды сақтауға міндетті.Атап айтқанда: пациенттердің құқықтарын сақтау,медициналық қызметтің сапасын қамтамасыз ету, мемлекеттік және халықаралық медициналық стандарттарды орындау, құқықтық жауапкершілікті орындау. Сондай ақ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР-ның Заңының 275-бабы бабында «ҚР-ның денсаулық сақтаусаласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық» көзделген[2,1]. Бұл бапқа сәйкес құқықтық жауапкершілік түрлері: Азаматтық - құқықтық жауапкершілік-медицина қызметкерлерінің немқұрайлылық әрекеттері науқасқа зиян келтірсе, ол азаматтық заңнама негізінде өтемақы төлеуге міндеттелді мүмкін. Мысалы келтіретін болсам: пациентке дұрыс диагноз қойылмағандықтан,ол уақытылы ем ала алмады.Мұндай жағдайда пациент сот арқылы өтемақы талап ете алады. Көптеген зерттеулер бойынша азаматтық құқықтық даулардың көпшілігі медициналық қателіктерден туындайтыны анықталды. Әкімшілік жауапкершілікке тоқталатын болсам,бұл жауапкершілік аты атап тұрғандай медицина қызметкерлері әкімшілік құқықбұзушылық жасағанда туындайды. Мысалы, лицензиясыз медициналық немесе санитарлық -эпидемиологиялық қызмет көрсету. Осы орайда статистикалық зерттеуге сәйкес 2023ж медициналық мекемелерде санитарлық талаптарды бұзғаны үшін 450ден астам әкімшілік айыппұл салынды .

Ерекше тоқталғым келетіні медицина қызметкерлерінің қылмыстық жауапкершілігі.Дәрігерлердің қылмыстық қудалау жағдайының көбеюі әртүрлі факторларға негізделген. Оларға мыналар жатады: медицина қызметкерлерінің біліктілік,кәсіби стандарттарын анық бұзуы,міндеттеріне немқұрайлы қарауы, тәуекелге барудан қорқуы, өйткені кез келген қолайсыз нәтиже қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Науқастың туыстары көп жағдайда қатені дәрігерге аударуға тырысады.Бұл кезде объективтілік жоғалады. Қазіргі жаһандану денсаулық сақтау саласындағы құқықбұзушылықтар соның ішінде қылмыстар бұрыннан да өзекті бола түсуде. Денсаулық сақтау адам қызметінің маңызды және жауапты салаларының бірі болып табылады Медицина қызметкерлерімен жасаған қылмыстардың алдын алу шараларын анықтау үшін осы істерге кеңінен талдау жүргізу, олардың жасалу себептерін зерделеу сондай-ақ қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді және жазалау жүйесін талдау қажет. Сонымен қатар осы бойынша пациенттер мен медицина мамандарының пікірлері мен тәжірибелерін зерттеуді талап етеді.

Медицина қызметкерлері жасайтын қылмыстық құқықбұзушылыққа жауапкершілік Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде жеке топқа ,яғни 12-тарауында қарастырылған .Бұл тарауда 6 бап бар :

317-бап (медициналық немесе фармацевтикалық қызметкердің кәсіби міндеттерін тиісінше орындамауы);

318-бап(клиникалық зерттеулер жүргізу және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану тәртібін бұзу);

319-бап (жүктілікті жасанды үзуді заңсыз жүргізу );

320-бап (медициналық көмек көрсетпеу);

322-бап (заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет және есірткі немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептілерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан істеу). [3.1]

Медицина қызметкерлерінің жұмысы қашан да ауыр ,қауіп-қатермен байланысты, кейде кәсіби қателіктермен байланысты ,кейде кәсіби қателіктерден өздері көп зардап шегеді. Дегенмен, қылмыстық істердің 70% ы медицина қызметкерлердің кінәсі жоқ болғаны үшін тоқтатылады. Себебі науқастың сараптау-талдау материалдарды медициналық сараптамадан соң дәрігерлердің кінәсінен емес, пациенттің бойындағы ақаулардың асқынуынан болғандығы анықталып жатады. Медицина қызметкері үшін де, пациент үшін де үш қорғаныс деңгейі қарастырылған. Бірінші деңгейде бұл медициналық ұйым, екіншісінде - медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті, үшіншісі-сот. Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі денсаулық сақтау саласының негізі.Қазақстандық тәжірибеде халықаралық стандарттарға негізделген құқықтық нормаларды жетілдіру қажеттілігі туындайды. Бұл пациенттердің құқықтарын қорғауға, медициналық қызметтің сапасын арттыруға және дәрігерлердің кәсіби жауапкершілігін нығайтуға мүмкіндік береді. Қазақстанда медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі жаңа деңгейде дамып келеді. Дегенмен, азаматтық және қылмыстық істердің көпшілігі пациенттердің пайдасына шешілмейтіні байқалады.

Осы орайда тақырыпты тереңінен тарқату үшін халықаралық тәжірибені қарастыруды шештім. Медициналық қателіктер мәселесі бүкіл әлемде өзекті. Әр елде бұл жағдайды реттеудің өзіндік ерекшеліктері мен тәсілдері бар. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, қателіктердің алдын алу мен жауапкершілікті қамтамасыз етуге заңнамалық реттеу, сақтандыру жүйесі, және қателіктерді талдау маңызды рөл атқарады. АҚШ-да медициналық қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі жүйесі өте дамыған және әртүрлі заңдық құралдар мен механизмдер арқылы реттеледі. Бұл жүйе медициналық қателіктер мен науқастардың құқығын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған, сонымен қатар медицина қызметкерлерінің өз міндеттерін дұрыс орындауына ықпал етеді.АҚШ-да медициналық қателіктердің салдарынан туындаған даулар жиі кездеседі, сондықтан мұнда медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру маңызды рөл атқарады. Бұл сақтандыру жүйесі медициналық қателіктер салдарынан туындайтын азаматтық дауларға байланысты шығындарды өтеуге мүмкіндік береді.Медициналық жауапкершіліктің сақтандыруы (Medical Malpractice Insurance): АҚШ-да медициналық қызметкерлер міндетті түрде сақтандыру полисін алуы керек.Бұл сақтандыру науқастарға зиян келген жағдайда өтемақы төлеуді қамтамасыз етеді. АҚШ-да медициналық этика мен құқықтық жауапкершілік тығыз байланысты.Әрбір медициналық қызметкері кәсіби этиканы сақтауы тиіс. Американдық медициналық ассоциациясының (АМА)этикалық кодексі медицина қызметкерлерінің іс-әрекеттерін реттейді .Егер дәрігер бұл кодексті бұзса, ол тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Ал, Жапония мемлекетіне келетін болсақ Жапонияда медицина қызметкерлерінің қателіктерін талдау жүйесі жұмыс істейді. Әрбір қателік арнайы комиссия арқылы зерттеліп, оның себебі анықталады.Қателіктердің қайталануын болдырмау үшін дәрігерлер кәсіби заңдылық дайындық пен технологияларды пайдалану бойынша үнемі оқытудан өтеді. Германияда медициналық қателіктерді анықтау үшін арнайы комиссиялар

құрылады. Дәрігерлер мен пациенттер арасындағы қақтығыстарды шешуге бағытталған медиация жүйесі енгізілген. Бұл жүйе пациенттерге моральдық және материалдық өтемақы алуға мүмкіндік береді. Германияның медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі жүйесі мынадай артықшылықтарымен ерекшеленеді: медициналық қателіктерді сақтандыру арқылы өтемақы механизмінің тиімділігі, дәрігерлердің тұрақты қайта даярлау жүйесі, пациенттерге құқықтарын қорғау үшін тәуелсіз комиссиялардың жұмысы.

Ақпараттарды негіздеу мақсатында бірнеше статистикалық деректерге тоқталайын. Соңғы статистикаға сәйкес, медицина саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтар саны 2%дан астамға өскен. Қазақстанда 2023 жылдың қазан айында 212 құқық бұзушылық жасалды. Медициналық ұйымдар қызметінде тексерістен өтпеген құрылғыларды пайдаланғаны үшін 104 медициналық мекемелерге 74 млн айыппұл салынған. Науқастардың медициналық қызметкерлерге немқұрайлылық, сауатсыз немесе уақытылы көрсетілмеген медициналық көмек үшін шағымдарының саны артып келеді.

Қазақстанда медициналық сақтандыру жүйесі әлі де дамып келе жатқандықтан, медициналық қателіктерге байланысты зиянды өтеуге міндетті сақтандыру жүйесі туралы толыққанды заңнама жоқ. Қазіргі уақытта медициналық қызметкерлердің сақтандыруы медициналық қателіктерді қамтымайды, бірақ болашақта сақтандырудың бұл түрін енгізу мүмкіндігі қарастырылуда. Қазақстанда медициналық қателіктер бойынша дауларды шешудің бейбіт тәсілдері бар. Пациент пен медициналық қызметкер арасындағы дауды сотқа дейін шешу үшін медиация қолдануға болады. Бұл тәсіл тараптар арасында келіспеушіліктерді шешудің тиімді әдісі болып табылады. Медициналық қателіктер туралы іс жүргізу. Медициналық қателіктер бойынша талап қою процесі әртүрлі кезеңдерден тұрады: Пациент дәрігердің әрекетіне шағым түсіреді. Сарапшылар медициналық әрекеттің дұрыстығын немесе бұзылуын тексереді. Әдетте, медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін анықтау үшін тәуелсіз сараптама жүргізіледі. Егер медициналық қателік анықталса, пациент өтемақы талап ете алады. Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі-қоғамның денсаулық сақтау саласындағы сенімін нығайту және пациенттердің құқықтарын қорғау үшін маңызды құралдардың бірі. Медициналық қызмет көрсету сапасының жоғары деңгейде болуы және пациенттер мен дәрігерлер арасындағы құқықтық теңгерімді сақтау үшін кешенді құқықтық, этикалық және кәсіби механизмдер қажет. Мәселенің маңыздылығы: Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігін тиімді реттеу келесі мәселелерді шешуде маңызды: пациенттердің өмірі мен денсаулығын қорғау, медициналық қателіктердің алдын алу, дәрігерлердің кәсіби әрекеттеріне деген сенімділікті арттыру. Денсаулық сақтау саласында Қазақстанда медициналық қателіктерді болдырмау мақсатында денсаулық сақтау саласындағы заңнамалар мен стандарттар тұрақты түрде жетілдіріліп жатыр. Бұған медициналық біліктілік, стандарттарды сақтау, сапа бақылау жүйелерін енгізу және шешу Қазақстанда кешенді тәсілді қажет етеді. Құқықтық база мен сақтандыру жүйесін жетілдіру, медицина қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру және заманауи технологияларды енгізу арқылы ғана медицина саласындағы сапаны жақсартуға болады.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігін тиімді реттеу мақсатында өз ұсыныстарымды білдіргім келеді. Қазақстанға Германия мен Скандинавия елдерінің тәжірибесін бейімдеу тиімді шешім болмақ. Скандинавия елдері тәжірибесі бойынша, медициналық қателіктерді талдау арқылы қателіктерді болдырмау механизмдерін әзірлеу. Қателіктер туралы ақпаратты ашық жариялау жүйесін енгізу, бірақ оны жазалауға емес, жағдайды жақсартуға бағыттау. Ауруханалар мен емханалардың қазіргі заманғы медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. Технология арқылы диагноз қою мен емдеу сапасын арттыру. Германия тәжірибесі бойынша Қазақстанда медициналық қателіктер үшін міндетті сақтандыру жүйесін енгізу. Медициналық сақтандыру арқылы пациенттерге зиян келтірген жағдайда өтемақы төлеу процесін жеңілдету. Медициналық мекемелер жанында қоғамдық кеңестер құру арқылы пациенттердің шағымдарын қарау және олардың құқықтарын қорғау. Халық

арасында ағарту жұмыстарын жүргізу. Пациенттерге медициналық көмек алу кезінде өз құқықтарын білуге үйрету. «Пациенттің құқықтары туралы заңды» насихаттау. Қауіпті белгілерді тану және аурудың алдын алу бойынша халықты ақпараттандыру. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының әрбір субъектінде қызметі республикалық бюджеттен қаржыландырылатын осы салада арнайы білімі бар сарапшылардың арнайы тәуелсіз бөлімшелерін құру дұрыс деп санаймын!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыздағы <https://adilet.zan.kz>

2. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы 2020 жылғы 7 шілдедегі 360-VI ҚРЗ Кодексі <https://adilet.zan.kz>

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 ж 3 шілде 226-V ҚРЗ <https://adilet.zan.kz>

4. Большой юридический словарь <https://juridical.slovaronline.com>

5. World Health Organisation (WHO) Patient safety and legal issues in healthcare. Geneva. WHO Press 2020

**ӘОЖ 342**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

**Байтерекова Камшат Берниязовна, Ескендерова Газиза Телхожаевна**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті,*

*8D04201 - Құқықтану білім беру бағдарламасының 1-курс докторанты*

*Аймақтық инновациялық университеті, құқық магистрі*

*Ғылыми жетекші –з.ғ.к., ассоциированный профессор (доцент)*

*Сактаганова Индира Советовна*

Қазақстан Республикасында әлеуметтік сақтандыру жүйесі азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде қарастырылады. Бұл жүйе еңбекке қабілетті жастағы халықтың әлеуметтік тәуекелдерден қорғалуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ жұмыссыздық, уақытша еңбекке жарамсыздық, жүктілік пен босану, асыраушысынан айырылу жағдайларында мемлекеттік қолдауға негіз болады.

Әлеуметтік сақтандыру – бұл азаматтарды өмірдегі әртүрлі әлеуметтік тәуекелдерден (жұмыссыздық, еңбекке жарамсыздық, асыраушысынан айырылу, т.б.) қорғауға арналған жүйе. Оның құқықтық негізі мемлекет пен азаматтар арасындағы құқықтық қатынастарды реттейді және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстанда әлеуметтік сақтандыру – құқықтық міндеттемеге негізделген жүйе, яғни мемлекет, жұмыс беруші және кей жағдайларда жұмыскер белгілі бір жарналар төлеп, соның нәтижесінде азамат әлеуметтік төлемдерге құқық алады.

Әлеуметтік сақтандырудың тиімді жұмыс істеуі – әлеуметтік мемлекет қағидаттарының бір көрінісі. Осы мақалада Қазақстандағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы, оны жүзеге асыру тетіктері және жүйенің алдында тұрған негізгі құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелер қарастырылады.